



Қызылорда қаласы

2025 жылғы 23-24 қыркүйек

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша 2025 жылғы 23-24 қыркүйек күндері Қызылорда қаласындағы «Білім-инновация» физика-математика бағытындағы лицей-интернатының базасында (Сол жағалау, 117А) офлайн форматта «Ең үздік мектеп парламенті» республикалық байқауын өткізеді.

Байқаудың мақсаты: мектеп парламенттерінің қызметін жандандыру, оқушы өзін-өзі басқару органдарының тиімді жұмыс тәжірибесін анықтау, парламенттік қозғалыстың қызметін ұйымдастырудың нысандары мен әдістерін жетілдіру.

Байқаудың міндеттері: мектеп парламенттерінің ең үздік тәжірибесін анықтау және тарату, жастардың құқықтық және саяси мәдениетін, әлеуметтік және азаматтық белсенділігін қалыптастыру, мектеп өміріне белсенді қатысқан оқушыларды ынталандыру.

Байқаудың республикалық кезеңіне облыстық және қалалық (Астана, Алматы, Шымкент) кезеңдердің 100 жеңімпазы қатысады. Әр өңірден – 5 адамнан. Қатысушылардың жасы: 15–17 жас.

Байқау қатысушылары келесі шығармашылық тапсырмаларды орындайды: мектеп парламентінің шығармашылық таныстырылымы «Біз біргеміз!», мектеп парламентінің таныстырылымын қорғау «Жылдың үздік жобасы», жағдайлық тапсырмалар байқауы «Шексіз идеялар» және үй тапсырмасы «Шығармашылық басқару».

Байқау балалар мен жастар ұжымдарын қолдауға және дамытуға, ең қабілетті, шығармашылық тұрғыдан дамыған әрі болашағы зор оқушыларды анықтауға, сондай-ақ мектеп өмірін жақсартуға, оқушы өзін-өзі басқаруын дамытуға және мектептегі өзекті мәселелерді (әлеуметтік, білім беру, мәдени, экологиялық және т.б.) шешуге бағытталған.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар дипломдар мен сыйлықтар, жеңімпаз жетекшілері - алғыс хаттар, барлық қатысушылар- сертификаттар алатын болады.

Байқау қорытындылары туралы қосымша ақпарат алу үшін мына телефон арқылы хабарласуға болады: +7(7172) 574757, сондай-ақ www.ziyatker.org сайтында жарияланады.



г. Кызылорда



23-24 сентября 2025г.

ПРЕСС-РЕЛИЗ

Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования по заданию Министерства просвещения Республики Казахстан 23-24 сентября 2025 года проводит в офлайн формате на базе лицея-интерната физико-математического направления «Білім-инновация» в городе Кызылорда (Левый берег, 117А) республиканский конкурс «Лучший школьный парламент».

Цель Конкурса: активизация деятельности школьных парламентов, выявление эффективного опыта работы органов ученического самоуправления, совершенствование форм и методов организации парламентского движения.

Задачи Конкурса: выявление и популяризация наиболее успешного опыта работы школьных парламентов, формирование правовой и политической культуры, социальной и гражданской активности молодежи, поощрение обучающихся за активное участие в жизни школы.

В Республиканском этапе Конкурса примут участие 100 победителей областных и городских (Астана, Алматы, Шымкент) этапов - по 5 человек от каждого региона.

Участники Конкурса представят: творческую презентацию школьного парламента «Біз біргеміз!», защиту презентации школьного парламента «Лучший проект года», конкурс ситуационных задач «Идеи без границ», домашнее задание «Творческое управление».

Конкурс направлен на поддержку и развитие детских и молодежных коллективов, выявление наиболее способных, творчески развитых и перспективных обучающихся, а также на улучшение школьной жизни, развитие ученического самоуправления и решение актуальных проблем школы (социальных, образовательных, культурных, экологических и др.).

По итогам Конкурса победители получают дипломы и призы, руководители победителей – благодарственные письма, все участники - сертификаты.

Дополнительную информацию об итогах Конкурса можно получить по телефону: +7(7172)574757, а также будет размещена на сайте www.ziyatker.org.